

Мемлекеттік орман иеленушілердің орман қарау аймақтарына ревизия жасау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2007 жылғы 27 ақпандағы N 82 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 30 наурыздағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4595 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010 жылғы 1 қыркүйектегі N 560 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010.09.01 N 560(ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 26-бабын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман иеленушілердің орман қарау аймақтарына ревизия жасау ережесі бекітілсін.
2. Осы бұйрық ол бірінші рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман және аңшылық шаруашылық
комитеті төрағасының
2007 жылғы 27 ақпандағы
N 82 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік орман иеленушілер орман қарау аймақтарына ревизия жасау ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік орман иеленушілердің орман қарау аймақтарына ревизия жасау ережесі (бұдан әрі - Ереже) ормандарды қорғау тиімділігін, мемлекеттік орман қоры, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің нысаналы пайдаланылуын анықтау мақсатында орманшыға, табиғат қорғау мекемесінің мемлекеттік инспекторына, мемлекеттік орман иеленушілердің басқа қызметкерлеріне (бұдан әрі - орманшы) бекітіп берілген орман қарау аймағына

ревизия жасау тәртібін реттейді және барлық мемлекеттік орман иеленушілерге олардың ведомстволық тегіне қарамастан қолданылады.

2. Орман қарау аймағын және қызмет бабында пайдалану үшін орман күтушіге бекітіп беру туралы мемлекеттік орман иеленушінің актісі шығарылады.

3. Орман қорғау аймақтарына ревизия жасау өткізу мерзімдері мен мақсаттарына байланысты жоспарлы, жоспардан тыс және бақылау ревизиялары болып бөлінеді.

2. Орман қарау аймақтарына ревизия жасау тәртібі және мерзімі

4. Орман қарау аймақтарына ревизия жасауды мемлекеттік орман иеленуші ұйымдастырады және өткізеді. Оны өткізу үшін мемлекеттік орман иеленушінің актісімен екі және одан да көп адам құрамында комиссиялар құрылады.

5. Орман қарау аймақтарының жоспарлы және жоспардан тыс ревизияларын өткізу кезінде комиссия құрамына: барлық санаттағы орман шаруашылығының орман шеберлері, орманшыларының көмекшілері, орманшылары, инженерлері, ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және орман пайдалану мәселелерімен айналысатын мемлекеттік орман иеленушілердің мемлекеттік инспекторлары мен басқа да қызметкерлері енгізіледі.

6. Орман қарау аймағының ревизиясы ол бекітіп берілген орман күтушінің қатысуымен өткізіледі.

7. Жоспарлы ревизиялар барлық орман қарау аймақтарында жылына екі рет ө т к і з і л е д і :

көктемде - қар қабаты кеткеннен кейін, ревизия 1 маусымға дейін аяқталады;

күзде - қар жауғанға дейін, ревизия 1 қарашаға дейін аяқталады.

8. Жоспардан тыс ревизиялар:

бұрынғы қызметкердің осы лауазымдағы еңбекке қатынастарының т о қ т а т ы л у ы н а ;

жұмыстан шығуына, басқа жұмысқа ауысуына, ауырып қалу себепті жұмыста 10 күннен көп болмауына, демалысқа шығуына, іссапарда, оқуда болуына;

орман күтушінің қанағаттанарлықсыз жұмысы немесе қызмет бабын теріс пайдалануы туралы өтініштерді тексеру қажеттілігіне байланысты орман қарау аймағын бір орман күтушіден басқасына беру кезінде жүргізіледі.

9. Бақылау ревизиялары орман тәртібін бұзушылыққа барынша көп ұшыраған орман қарау аймақтарында орманшылықтың орман қарау аймақтарының кемінде 30 % қамтып, жоспарлы ревизиялардың өткізілу сапасын және өткізілу тәртібінің сақталуын тексеру мақсатында осы тексерулерден кейін өткізіледі.

10. Орман қарау аймақтарының бақылау ревизияларын өткізу үшін мемлекеттік орман иеленушінің актісімен екі және одан да көп адамнан комиссиялар бекітіледі, олардың құрамына барлық санаттағы орман шаруашылығының инженерлері, мемлекеттік орман иеленушілердің директорларының орынбасарлары мен директорлары енуі мүмкін.

11. Орман қарау аймақтарының бақылау ревизияларын өткізу кезінде оларға орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық органдарының өкілдері, облыстық атқарушы органдардың орман шаруашылығы құрылымдық бөлімшелерінің, өзге мемлекеттік органдардың қызметкерлері өздерінің құзыреті шегінде қатысуы мүмкін.

12. Орман қарау аймағының ревизиясын жүзеге асырушы комиссия:

1) ормандардың заңсыз ағаш кесуден қорғалуының қамтамасыз етілуін;
2) орман өрттерінің алдын алу және ескерту, оларды дер кезінде байқау және жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын;

3) орман орналастыру және орман шаруашылығы белгілерінің, көрнекі насихат құралдарының, көріктендіру элементтерінің сақталуын;

4) оған қорғауға сеніп берілген мемлекеттік орман қорының учаскесі мен мүлік тізбесі көрсетілген орман екпелері жоспарының және орман қарау аймағы п а с п о р т ы н ы ң б о л у ы н ;

5) орман күтушіге берілген мүліктің бар-жоғын және пайдалануға жарамдығын, сондай-ақ оған бекітілген көліктің, байланыс құралдарының, арнайы құралдардың техникалық жай-күйін;

6) қызметтік қару мен оқ-дәрілерді сақтау, алып жүру және қолдану т ә р т і б і н і ң с а қ т а л у ы н ;

7) орман күтушінің нысандық киімі болуын және оның оны киіп жүру тәртібін сақтауын тексереді.

13. Жоспарлы, жоспардан тыс және бақылау ревизияларын өткізу кезінде белгіленген тәртіппен ресімделмеген орман тәртібін бұзушылықтар, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 3369 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 268 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт қауіпсіздігі ережесінің және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік т і р к е у д і ң

тізілімінде N 3340 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 265 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ормандарындағы санитарлық ереженің талаптарын бұзушылықтар ескеріледі.

14. Заңсыз кесілген ағаштардың түбірлері және орман тәртібін бұзу салдарынан зақымдалған ағаштар таңбаланады.

Ревизияларды бекітіп берілген таңбалары жоқ барлық санаттағы орман шаруашылығының инженерлері және басқа мамандар жүргізген кезде таңбалау ревизияға қатысушы маманның таңбасымен жүргізіледі.

3. Орман қарау аймақтарының ревизиясы бойынша құжаттама және есептілік

15. Орман қарау аймағының ревизиясы аяқталған соң осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысанда екі дана акт жасалады.

16. Жоспарлы орман қарау аймақтары ревизияларының актілерін мемлекеттік орман иеленушілер олар аяқталғаннан кейін осы Ереженің 7-тармағында белгіленген бір ай мерзім ішінде түсіндірме жазбамен осы Ереженің 2 және 3-қосымшаларына сәйкес жоғары тұрған ұйымға және орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық басқармасына береді.

17. Орман қарау аймақтарының жоспарлы, жоспардан тыс және бақылау ревизияларының қорытындылары бойынша кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтар анықталған жағдайда мемлекеттік орман иеленушінің басшысы кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтарды жою жөнінде қажетті шаралар көзделген акт шығарады.

Мемлекеттік орман иеленушілердің
орман қарау аймақтарына ревизия
ж а с а у е р е ж е с і н е

1-қосымша

(Мемлекеттік орман иеленушінің атауы)

Орман қарау аймағы ревизиясының актісі

(орманшылықтың атауы немесе мемлекеттік орман

иеленушінің бөлімшесі)

№ ___ орман қарау аймағын 200__ жылғы»"___" _____-дан
200_ жылғы "___" _____ -ға дейінгі аралықта

Мына құрамдағы комиссия: _____

20								
24								
28								
32								
36								
40								
44								
Барлы. ғ ы ағаштар және әрбір тұқым бойынша олардың көлемі								
Түбі. рімен боса. тылатын ағаш үшін ақының база. лық став. кала. р ы бойын. ш а сүрек. тің құны								

4. Ревизия жасалып отырған кезеңде N _____ орман қарау аймағы бойынша заңсыз ағаш кесу туралы қорытынды деректер: барлығы заңсыз ағаш кесу _____ м³, түбірімен босатылатын ағаш үшін ақының базалық ставкалары бойынша сүректің құны _____ мың теңге.

5. Заңсыз ағаш кесулердің барлық түбірлері ревизия кезінде _____ таңбасымен таңбаланды _____ (таңбаның түрін көрсету)

(белгіні түсіру)

6. Анықталған тәртіп бұзушылықтар: (орман тәртібі бұзылған орындар көрсетілсін - орам, телім, түрі, көлемі):

7. Орман күтушіге берілген мүліктің болуы және пайдалануға жарамдылығы, сондай-ақ оған бекітіп берілген көліктің, байланыс құралдарының, арнайы құралдардың техникалық жай-күйі _____

8. Орман күтушіге берілген қару мен оқ-дәрінің, жеке қорғану құралдарының жай-күйі және күтіп ұсталуы: _____

9. Орман қарау аймағы екпелері жоспарының және паспортының болуы _____

10. Нысанды киімнің бар-жоғы және күтіп ұсталуы _____

11. Комиссияның қорытындысы және тұжырымдамасы: _____

Қ о л д а р :

(ревизия жасаушылардың қолы, аты-жөні және тегі)

(ревизия жасалып отырған адамның қолы, аты-жөні және тегі)

(қатысушылардың қолы, аты-жөні және тегі)

Мемлекеттік орман иеленушілердің орман қарау аймақтарына ревизия жасау ережесіне

№ 2 қосымша

_____ облысы бойынша 200_ жылы мемлекеттік орман иеленушілер бойынша _____ орман қарау аймақтары ревизиялары материалдарының жиынтық ведомосы

Ұйымның атауы	Орман қарау аймақтарының саны		Ревизия хаттама толтырылмаған өз бетімен ағаш кесуді анықтады		Ревизиялар аралығында заңсыз ағаш кесуге хаттама толтырылды					
	нақтысы		көлемі, текше метр	тақсартылмаған құнымың теңге	анықталған адамдарға			анықталмаған адамдарға		
					оқиғалар	көлемі текше метр	тақсартылмаған құнымың теңге	оқиғалар	көлемі текше метр	тақсартылмаған құнымың теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

Хаттама жасалған заңсыз ағаш кесулер жиыны	Ревизиялық кезеңдегі заңсыз ағаш кесулер барлығы	жалпы көлемнің кесулерінен хаттама жасалма	кесулерден тыйым салынған	хаттама жасалған кесулерден тыйым

көлемі текше метр	такса. лы қ құны мың теңге	көлемі текше метр	такса. лы қ құны мың теңге	ған көлем. нің пайызы	ағаш көле. мі, текше метр	салын. ған ағаш көлемінің пайызы
12	13	14	15	16	17	18

кестенің жалғасы

Өзге орман тәртібін бұзушылықтар								Орман тәртібін бұзу. шылықтар бойынша істердің қозғалысы		
Орман тәртібін бұзушы. лықтар барлығы		Өз бетімен мал жаю		Өз бетімен шөп шабу		Аң аулау ережесін бұзу		тәр. тіпті. лік жауап. керші. лікке тарту	айып. пұл салын. ды, мың теңге	сотқа бе. ріл. ген істер
оқи. ған саны	кел. ген зиян мың тең. ге	оқи. ған саны	кел. ген зиян мың тең. ге	оқи. ған саны	кел. ген зиян мың тең. ге	оқи. ған саны	кел. ген зиян мың тең. ге			
19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29

кестенің жалғасы

шыға. рылған про. цес. суал. дық шешім	Ревизия нәтижелері бойынша тұжырымдар						
	Қызметінен босатылды		қыз. меттен төмен. детіл. ген	қызме. ті жо. ғарла. ған	жаза қолда. нылды	алғыс жария. ланды	сыйлық берілді
заң орган. дрына беріл. ген	заң орган. дрына беріл. меген						
30	31	32	33	34	35	36	37

Мемлекеттік орман иеленушілердің орман
қарау аймақтарына ревизия жасау ережесіне
№ 3 қосымша

_____ **бойынша**
(мемлекеттік орман иеленушілер)
_____ **орман қарау аймақтары ревизияларының**
көктем, күз мерзімі
материалдары бойынша 200_____ және
көктем, күз мерзімі

200__ жылдары заңсыз ағаш кесу туралы есеп

Мемле. кеттік орман иеле. нуші бөлім. шесі. нің атауы	Жыл. дар көктем күз	Заңсыз ағаш кесу, м ³			Заңсыз ағаш кесуге хаттама жасалда, м ³		Орман тәртібін бұзушы. лықтар бойынша істердің қозғалысы
		барлы. ғы	оның ішін. де хатта. ма жасал. ғаны	%	анық. талған адам. дарға	анық. талма. ған адам. дарға	Құқық корғау органда. рына бе. рілген істер
	1	2	3	4	5	6	8

кестенің жалғасы

Сотқа беріл. ген істер	Секвестрлен. ген сүрек		Былтырғы жыл. мен салыстыр. ғанда заңсыз ағаш кесу кө. лемі		Басқа бұзушылықтар тәртіп		
	м ³	хатта. ма жасал. ған заңсыз ағаш кесу мөлше. ріне %	+, м ³	- %	оқиға. лар саны	нұқсан мың теңге	нәтижесі + , - оқиғалар саны
	9	10	11	12	13	14	15

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК